

ISSN (Print) 2616-678X
ISSN (Online) 2663-1288

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің

ХАБАРШЫСЫ

BULLETIN

of L.N. Gumilyov
Eurasian National University

ВЕСТНИК

Евразийского национального
университета имени Л.Н. Гумилева

ФИЛОЛОГИЯ сериясы
Серия **ФИЛОЛОГИЯ**
PHILOLOGY Series

№2(127)/2019

1995 жылдан бастап шығады

Издается с 1995 года

Founded in 1995

Жылына 4 рет шығады

Выходит 4 раза в год

Published 4 times a year

Нұр-Сұлтан, 2019

Nur-Sultan, 2019

Нур-Султан, 2019

Бас редакторы **Дихан Қамзабекұлы**
филология ғылымдарының докторы, ҚР ҰҒА академигі (Қазақстан)

Бас редактордың орынбасары **Шолпан Жарқынбекова**
филология ғылымдарының докторы, проф. (Қазақстан)

Редакция алқасы

Аскер оғлы Рамиз	Ф.ғ.д., проф. (Әзербайжан)
Ақматалиев Абдылдажан	Ф.ғ.д., проф. (Қырғызстан)
Бахтикиреева Улданай	Ф.ғ.д., проф. (Ресей)
Беженару Людмила	Ф.ғ.д., проф. (Румыния)
Бейсембаева Жанаргүл	Ф.ғ.к. (Қазақстан)
Біжкенова Айгүл	Ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Жақыпов Жантас	Ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Журавлева Евгения	Ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Жаң Динжиң	PhD, проф. (Қытай)
Ескеева Мағрипа	Ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Ержласун Гүлжанат	PhD, ассоц. проф. (Түркия)
Қасқабасов Сейіт	Ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Негимов Серік	Ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Нұрғали Қадиша	Ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Нуриева Фануза	Ф.ғ.д., проф. (РФ, Татарстан)
Райхл Карл	Ф.ғ.д., проф. (Германия)
Рахманов Носимхан	Ф.ғ.д., проф. (Өзбекстан)
Риверс Уильям Патрик	PhD, проф. (АҚШ)
Сәтенова Серікгүл	Ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Султанов Казбек	Ф.ғ.д., проф. (Ресей)
Тәжібаева Сәуле	Ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Хисамитдинова Фирдаус	Ф.ғ.д., проф. (РФ, Башқұртстан)
Чернявская Валерия	Ф.ғ.д., проф. (Ресей)
Шәріп Амантай	Ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Шәріпова Гүлбану	Ф.ғ.к., доцент м.а. (Қазақстан)
Экиджи Метин	PhD, проф. (Түркия)
Янковский Генрих	PhD, проф. (Польша)

Редакцияның мекенжайы: 010008, Қазақстан, Нұр-Сұлтан қ., Қ.Сәтбаев к-сі, 2, 408 б.

Тел.: +7(7172) 709-500 (ішкі 31-413)

E-mail: vest_phil@enu.kz

Жауапты редактор, компьютерде беттеген: Илияс Құрманғалиев

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Хабаршысы. ФИЛОЛОГИЯ сериясы
Меншіктенуші: ҚР БжҒМ «Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті» ШЖҚ РМК
ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінде 27.03.2018 ж. №16996-Ж тіркеу куәлігімен тіркелген.
Мерзімділігі: жылына 4 рет. Тиражы: 35 дана
Типографияның мекенжайы: 010008, Қазақстан, Нұр-Сұлтан қ., Қажымұқан к-сі, 12/1,
тел.: +7(7172)709-500 (ішкі 31413)

© Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

Editor-in-Chief **Dikhan Kamzabekuly**
Doctor of philology, academician of NAS RK (Kazakhstan)

Deputy Editor-in-Chief **Zharkynbekova Sholpan**
Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)

Editorial board

Asker ogly Ramiz	Doctor of philology, Prof. (Azerbaijan)
Akmataliyev Abdildajan	Doctor of philology, Prof. (Kyrgyzstan)
Bakhtikireeva Uldanai	Doctor of philology, Prof. (Russia)
Beisembayeva Zhanargul	Can. of philology (Kazakhstan)
Bezhenaru Lyudmila	Doctor of philology, Prof. (Romania)
Bizhkenova Aigul	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Chernyavskaya Valeriya	Doctor of philology, Prof. (Russia)
Erzhiasun Güljanat	PhD, assos. Prof. (Turkey)
Yeskeyeva Magripa	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Henryk Jankowski	PhD, Prof. (Poland)
Kaskabassov Seit	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Khisamitdinova Firdaus	Doctor of philology, Prof. (RF, Bashkortostan)
Metin Ekiji	PhD, Prof. (Turkey)
Negimov Serik	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Nurgali Kadisha	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Nurieva Fanuza	Doctor of philology, Prof. (RF, Tatarstan)
Reichl Karl	Doctor of philology, Prof. (Germany)
Rakhmanov Nasimhon	Doctor of philology, Prof. (Uzbekistan)
Rivers William Patrick	PhD, Prof. (USA)
Satenova Serikkul	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Sultanov Kazbek	Doctor of philology, Prof. (Russia)
Sharip Amantay	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Sharipova Gulbanu	Can. of philology, assos. Prof. (Kazakhstan)
Tazhybayeva Saule	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Zhakypov Zhantas	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Zhang Dingjing	PhD, Prof. (China)
Zhuravleva Yevgeniya	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)

Editorial address: 2, Satbayev str., of. 408, Nur-Sultan, Kazakhstan, 010008
Tel.: +7(7172) 709-500 (ext. 31-413)
E-mail: vest_phil@enu.kz

Executive editor, computer layout: Ilyas Kurmangalyev

Bulletin of L.N. Gumilyov Eurasian National University PHILOLOGY Series

Owner: Republican State Enterprise in the capacity of economic conduct «L.N.Gumilyov Eurasian National University» Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan

Registered by Ministry of Information and Communication of the Republic of Kazakhstan. Registration certificate No 16996-Ж from 27.03.2018

Periodicity: 4 times a year Circulation: 35 copies

Address of printing house: 12/1 Kazhimukan str., Nur-Sultan, Kazakhstan 010008; tel.: +7(7172) 709-500 (ext. 31413)

© L.N. Gumilyov Eurasian National University

Главный редактор **Дихан Камзабекулы**
доктор филологических наук, академик НАН РК (Казахстан)

Зам. главного редактора **Шолпан Жаркынбекова**
доктор филологических наук, проф. (Казахстан)

Редакционная коллегия

Аскероглы Рамиз	Д.ф.н., проф. (Азербайджан)
Акматалиев Абдылдажан	Д.ф.н., проф. (Киргизстан)
Бахтикиреева Улданай	Д.ф.н., проф. (Россия)
Беженару Людмила	Д.ф.н., проф. (Румыния)
Бейсембаева Жанаргуль	К.ф.н. (Казахстан)
Бижкенова Айгуль	Д.ф.н., проф. (Казахстан)
Жакыпов Жантас	Д.ф.н., проф. (Казахстан)
Жан Динжин	PhD, проф. (Китай)
Журавлева Евгения	Д.ф.н., проф. (Казахстан)
Ескеева Магрипа	Д.ф.н., проф. (Казахстан)
Ержласун Гульжанат	PhD, ассоц. проф. (Турция)
Каскабасов Сейит	Д.ф.н., проф. (Казахстан)
Негимов Серик	Д.ф.н., проф. (Казахстан)
Нургали Кадиша	Д.ф.н., проф. (Казахстан)
Нуриева Фануза	Д.ф.н., проф. (РФ, Татарстан)
Райхл Карл	Д.ф.н., проф. (Германия)
Рахманов Насимхон	Д.ф.н., проф. (Узбекистан)
Риверс Уильям Патрик	PhD, проф. (США)
Сатенова Серикгуль	Д.ф.н., проф. (Казахстан)
Султанов Казбек	Д.ф.н., проф. (Россия)
Тажибаева Сауле	Д.ф.н., проф. (Казахстан)
Хисамитдинова Фирдаус	Д.ф.н., проф. (РФ, Башкортостан)
Чернявская Валерия	Д.ф.н., проф. (Россия)
Шарип Амантай	Д.ф.н., проф. (Казахстан)
Шарипова Гульбану	К.ф.н., и.о. доцент (Казахстан)
Экиджи Метин	PhD, проф. (Турция)
Янковский Хенрих	PhD, проф. (Польша)

Адрес редакции: 010008, Казахстан, г. Нур-Султан, ул. К.Сатпаева, 2, каб. 408

Тел.: +7(7172) 709-500 (вн. 31-413)

E-mail: vest_phil@enu.kz

Ответственный редактор, компьютерная верстка: Ильяс Курмангалиев

Вестник Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева. Серия ФИЛОЛОГИЯ

Собственник: РГП на ПХВ «Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева» МОН РК

Зарегистрирован Министерством информации и коммуникаций РК под номером №16996-Ж от 27.03.2018г.

Периодичность: 4 раза в год Тираж: 35 экземпляров

Адрес типографии: 010008, Казахстан, г. Нур-Султан, ул. Кажимукана, 12/1, тел.: +7(7172)709-500

(вн. 31413)

© Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева

Мазмұны

Фольклор және әдебиеттану

<i>Аймұхамбет Жанат, Исебаева Аяужан.</i> Ертегілердегі «Жер асты әлеміне саяхаттау» мотиві777.....	8-14
<i>Аққұлы Сұлтан Хан, Жұмагүл Сағымбай, Кемеңгер Қайырбек.</i> Алаштың рухани мұрасындағы ашаршылық туралы тың деректер (1932-33 жылдар)	15-21
<i>Арыққарақызы Еркегүл.</i> Ақыт Үлімжіұлының «Мұнаджат хази әл-Хажат» туындысы (идеялық ерекшелігі)	22-28
<i>Әшімхан Талдаубек.</i> Тәуелсіздік әдебиеті контексіндегі Рамазан Тоқтаровтың «Абайдың жұмбағы» роман-хамсасы	29-35
<i>Байтанасова Қарлығаш, Нұрлыбек Гүлбану.</i> Қазіргі қазақ прозасындағы фольклорлық мотивтер	36-44
<i>Ғұбайдуллина Айжан, Қорғанбеков Болат.</i> «Дариға қыз» және «Қисса Шәһизинда» дастандарының поэтикасы мен типологиясы	45-51
<i>Жанысбекова Элмира.</i> Қазақстанның қазіргі заман прозасындағы антикалық және інжілдік бейнелер мен сарындар	52-63
<i>Қамзабекұлы Дихан.</i> Түрік танзиматы: заман шындығының әдебиеттегі көрінісі	64-74
<i>Нуртаева Гүлнура, Үсен Айгүл.</i> Мұқағали Мақатаев поэзиясындағы ұлттық мотивтер	75-83
<i>Оразбай Сәуле.</i> Орхон-Енисей ескерткіштері мәтіндеріндегі тарихи тұлғалар бейнесі.....	84-90
<i>Теміртас Гүлсезім, Кемеңгер Қайырбек.</i> Сұлтанбек Қожанұлының қаламгерлік қызметі мен шығармашылығы	91-97
<i>Хамзина Қарлығаш, Қалыбекова Қаламқас, Күлейменова Ләйла.</i> Мағжан Жұмабаев поэзиясының типологиялық құрылымы	98-106
Лингвистика және әдістеме	
<i>Алиханқызы Гулия, Ахметбек Гүлжан.</i> Қытай тілін шетел тілі ретінде оқыту әдістері	107-115
<i>Аишаф Мұхаммед Аттия.</i> Мәдениетті лингвомәдени антропонимдер арқылы түсіну (орыс және араб антропонимдері негізінде)	116-121
<i>Гришина Арина, Гиздатов Газинұр.</i> АҚШ-тың қазіргі медиалық дискурсындағы мәдени кодтар	122-128
<i>Құлтанова Жанара, Құсайынова Райса.</i> Коммуникативтік мінез-құлық мәдениеті және ұлттық (этникалық) стереотиптер	129-134
<i>Жарқынбекова Шолпан, Оразаева Құралай, Петкова Сильвия, Қожамқұлова Гүлмира.</i> Студенттік орталықтандырылған білім беру және тиімді оқыту ортасы	135-146
<i>Ерланова Мадина, Жүнісова Жаңыл.</i> Қазіргі орыс тіліндегі бейузуал лексиканың сөзжасамдық әлеуеті	147-156
<i>Бейсенова Назерке, Исенова Фатима.</i> Бақыт Қайырбековтің лирикасындағы «махаббат» бейнесінің концептуалдық мазмұндағы жалпыадамзаттық және ұлттық тұжырымдамасы ..	157-162
<i>Қарагұлова Балгенже.</i> Қазіргі тіл білімінде жаңа сөздерді зерттеудің негізгі бағыттары.....	163-171
<i>Қалибекұлы Толқын.</i> Қытай және қазақ тілдерінің сөз тіркестеріндегі байланысу тәсілдері мен түрлері	172-184
<i>Манапбаева Жаннура, Сейденова Сәуле.</i> Реалияларды өзге тілдерге аудару барабарлығы (Смағұл Елубайдың «Ақ боз үй» романының орыс, ағылшын тіліндегі аудармалары)	185-192
<i>Өтелбай Гүлбайра.</i> М. Дулатұлының «Есеп құралы»: ұмытылған терминдердің мәні мен мәртебесі	193-200
<i>Смағұлова Гүлшат, Мұхаметқалиева Гүлнұр, Мұртаза Анипа, Балтабаева Гауһар.</i> Ислам терминологиясының Шығыс мәдениетіне енуі: Қытай	201-209
<i>Шәріп Амантай.</i> Қазақ поэзиясындағы «Жер-Ана» архетипі: генезис және трансформация	210-217

Contents

Folklore and Literary Studies

<i>Aimukhambet Zhanat, Issebayeva Ayauzhan.</i> Motive «Zher asty alemine sayachattay» («A travel to the underground world») in fairy tales	8-14
<i>Akkuly Sultan Khan, Zhumagul Sagymbay, Kemengger Kaiyrbek.</i> New facts about the famine in Alash's spiritual heritage (1932-33 years)	15-21
<i>Arykkarakysy Erkegul.</i> Produced by Akyt Ulimzhiuly «Munadzhat chazi al-Chazhat» (ideo feature)	22-28
<i>Ashimhan Taldaubek.</i> Roman-Hamza «Abaidyn zhumbagy» («Abai's mystery») of Ramazan Toktarov in the Context of Non-Sufficient Literature	29-35
<i>Baytanasova Kharlygash, Nurlybek Gulbanw.</i> Folkloric motives in modern Kazakh prose	36-44
<i>Gubaidullina Aizhan, Korganbekov Bolat.</i> Poetics and typology of the epics «Dariga khyz» («Dariga gir») and «Kissa Shachzinda» («Kissa Shaxzinda»)	45-51
<i>Zhanyzbekova Elmira.</i> Antique and biblical images and motifs in the modern Kazakhstani prose ..	52-63
<i>Kamzabekuly Dikhan.</i> Turcic tanzimat: a reflection of the age reality in literature	64-74
<i>Nurtayeva Gulnura, Usen Aigul.</i> The national motive in the poetry of Mukagali Makatayev ..	75-83
<i>Orazbai Saule.</i> An image of historical figures in the texts of Orkhon-Yenisei monuments	84-90
<i>Temirtas Gulsezim, Kemenger Kairbek.</i> Writing activities and creativity Sultanbek Kozhanov	91-97
<i>Khamzina Karlygash, Kalybekova Kalamkas, Kuleimenova Laila.</i> Typological structure of the poetry of Magzhan Zhumabayev	98-106

Linguistics and methodics

<i>Alikhankyzy Gulya, Akhmetbek Gulzhan.</i> Modern methods of teaching Chinese as a foreign language	107-115
<i>Attia Ashraf Mohamed.</i> Understanding culture through the prism of linguistic anthroponyms (Based on Russian and Arab anthroponyms)	116-121
<i>Grishina Arina, Gizdatov Gazinur.</i> Cultural codes in the modern media discourse of the USA ..	122-128
<i>Kultanova Zhanara, Kussainova Raisa.</i> Cultural and National (ethnic) stereotypes of Communicative behavior	129-135
<i>Zharkynbekova Sholpan, Urazayeva Kuralai, Petkova Sylvia, Kozhamkulona Gulmira.</i> Student-centered learning and effective learning environment	135-146
<i>Yerlanova Madina, Zhunusova Zhanyl.</i> Word-forming potential of non-usual dictionary in modern Russian language	147-156
<i>Beisenova Nazerke, Issenova Fatima.</i> The theme of «love» in the common human and ethnic concepts of the poet Bachyt Kairbekov	157-162
<i>Karagulova Balgenzhe.</i> New directions of neologisms research in modern linguistics	163-171
<i>Kalibekuly Tolkyn.</i> Ways of phrases formation and phrases classification in Chinese and Kazakh languages	172-184
<i>Manapbayeva Zhannura, Seidenova Saule.</i> Adequacy of translating realia into other languages (based on Smagul Yelubay's novel 'Ak boz uy' and its translations in the Russian and English languages)	185-192
<i>Otelbay Gulbaira.</i> «Esep kuraly» («Math textbook») of Mirzhakup Dulatuly: the meaning and status of forgotten terms	193-200
<i>Smagulova Gulshat, Mukhametkaliyeva Gulnur, Murtaza Anipa, Baltabaeva Gauchar.</i> Integration of Islamic terminology in Eastern culture: China	201-209
<i>Sharip Amantai.</i> The archetype «Zher-Ana» («Mother Earth») in Kazakh poetry: the genesis and transformation	210-217

Содержание

Фольклор и литературоведение

<i>Аймухамбет Жанат, Исебаева Аяужан.</i> Мотив «Жер асты әлеміне саяхаттау» («Путешествие в подземный мир») в сказках	8-14
<i>Аккулы Султан Хан, Жумагул Сагымбай, Кеменгер Кайырбек.</i> Новые данные о голодоморе в идеологических наследиях Алаша (1932-33 годы)	15-21
<i>Арыккарақызы Еркегуль.</i> Произведение Акыта Улимжиулы «Мунаджат хази аль-Хажат» (идейные особенности)	22-28
<i>Ашимхан Талдаубек.</i> Роман-хамса Рамазана Токтарова «Абайдың жұмбағы» («Тайна Абая») в контексте независимой литературы	29-35
<i>Байтанасова Карлыгаи, Нурлыбек Гулбану.</i> Фольклорные мотивы в современной казахской прозе	36-44
<i>Губайдуллина Айжан, Корманбеков Болат.</i> Поэтика и типология поэм «Дариға қыз» и «Қисса Шаһизинда»	45-51
<i>Жанысбекова Эльмира.</i> Античные и библейские образы и мотивы в современной прозе Казахстана	52-63
<i>Камзабекулы Дихан.</i> Тюркский танзимат: отражение действительности в литературе.....	64-74
<i>Нуртаева Гулнура, Усен Айгуль.</i> Национальные мотивы в поэзии Мукагали Макагаева	75-83
<i>Оразбай Сауле.</i> Образы исторических деятелей в текстах орхон-енисейских памятников	84-90
<i>Темиртас Гульсезим, Кеменгер Кайырбек.</i> Писательская деятельность и творчество Султанбека Кожанова	91-97
<i>Хамзина Карлыгаи, Қалыбекова Каламкас, Құлейменова Лейла.</i> Типологическая структура поэзии Мағжана Жумабаева	98-106

Лингвистика и методика

<i>Алиханқызы Гулия, Ахметбек Гулжан.</i> Современные методы преподавания китайского как иностранного языка	107-115
<i>Аттия Ашираф Мохаммед.</i> Понимание культуры сквозь призму лингвоантропонимов (на материале русских и арабских антропонимов)	116-121
<i>Гришина Арина, Гиздатов Газинур.</i> Культурные коды в современном медиадискурсе США... ..	122-128
<i>Култанова Жанара, Қусаинова Райса.</i> Культурные и национальные (этнические) стереотипы коммуникативного поведения	129-134
<i>Жаркынбекова Шолпан, Уразаева Куралай, Петкова Сильвия, Қожамқұлова Гульмира.</i> Студентоцентрированное обучение и эффективная обучающая среда	135-146
<i>Ерланова Мадина, Жунусова Жаныл.</i> Словообразовательный потенциал неuzuальной лексики в современном русском языке	147-156
<i>Бейсенова Назерке, Исенова Фатима.</i> Общечеловеческое и этническое в концептуальном содержании образа «любовь» в лирике Бахыта Каирбекова	157-162
<i>Карагулова Балгенже.</i> Основные исследования неологизмов в современном языкознании	163-171
<i>Калибекулы Толкын.</i> Способы и виды связи словосочетаний в китайском и казахском языках	172-184
<i>Манапбаева Жаннура, Сейденова Сауле.</i> Адекватность передачи реалий на другие языки (на основе романа Смагула Елубая «Ак боз уй» и его переводов на русский и английский языки)... ..	185-192
<i>Өтелбай Гүлбайра.</i> «Есеп құралы» («Учебник по математике») Миржакупа Дулатулы: значение и статус забытых терминов	193-200
<i>Смагулова Гульшат, Мухаметкалиева Гулнур, Муртаза Анипа, Балтабаева Гаухар.</i> Интеграция исламской терминологии в Восточной культуре: Китай	201-209
<i>Шарип Амантай.</i> Архетип «Жер-Ана» («Мать-Земля») в казахской поэзии: генезис и трансформация	210-217

XFTAP 17.09.91; 17.82.10

Амантай Шәріп

Л.Н. Гумилев ат. Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
(E-mail: sharipamantay@gmail.com)

Қазақ поэзиясындағы «Жер-Ана» архетипі: генезис және трансформация

Андатпа. Қазақтың дәстүрлі дүниетанымындағы «Жер-Ана» архетипі өз бастауын көне түркілік мифтік-поэтикалық ойлау жүйесінен алады және ұлттық менталдықта маңызды орынға ие боп келеді. Көшпенділердің жерге қатынасы экономикалық немесе заңдық көзқарасқа емес, рухани байланысқа сүйенген. Мақалада поэтикалық мәтіндер негізінде аталған архетиптің символдық мәні, функционалдық жүгі, бейнелік-семантикалық құрылымы, көркемдік-идеялық трансформациясы қарастырылған. XX ғасырдағы қазақ поэзиясының әртүрлі кезеңінде туған жер тақырыбының көрініс табу ерекшеліктері арқылы этностық сана-сезімнің даму тенденциялары айқындалған, сондай-ақ осы тұрғыда Қ.Мырзалиев, М.Мақатаев, Ж.Нәжімеденов, Т.Айбергенов секілді көрнекті ақындардың шығармашылық өзіндік қолтаңбасы ғылыми талдаудың арқауына айналған.

Түйін сөздер: қазақ поэзиясы, архетип, Жер-Ана, дала, ауыл, туған жер культі.

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-678X-2019-127-2-210-217>

«Туған жер» ұғымының астары адам баласының өзі мекендеген кеңістікті игеру амалдары мен сол кеңістікте ұйымдастыратын тіршілік түрлерін талдап-таразылау арқылы ашылады. Дүниеге келу және өмірмен қоштасу циклдеріне қатысты ғұрыптар этнос қоныстанған жер аумағымен тығыз байланыста жүзеге асады. Бұл ұғымға этностық даралық тән және басқа тілдерге сөзбе-сөз аудару оның ішкі ұлттық мазмұнын толық қамтитындай ашып бере алмайды.

Көшпелілер мәдениетін қарастырған кезде туған жердің мифтік-поэтикалық бейнелеріне ден қоюдың маңызы зор. Олар өз ата-бабаларынан қалған қонысқа ру-тайпаның ортақ игілігі ретінде қараған. Зерттеушілер Орталық Азия мен Оңтүстік Сібір көшпелі халықтарының дәстүрлі мәдениетінде жер меншігіне қатысты экономикалық және заңдық көзқарас үстемдік етпегенін әркез еске салып отырады. Олардың туған топырақпен қарым-қатынасы рухани байланысқа негізделген. Көшпелілердің өздері мекендеген жерлерді оп-оңай тастап, орын ауыстыра бергені туралы жалған стереотипті пайымдардың тым бір-жақты екенін қазір салиқалы ғалымдардың баршасы бір ауыздан мойындаған. Бабаларымыз кеңістікті *топофильді* (жағымды) және *топофобты* (жағымсыз) деп бөліп тастап, туған жерін әрдайым көтермелей сипаттаған. Соның нәтижесінде түркі халықтарының эпостық шығармалары мен ертегілік прозасында атамекен бейнесі өте шұрайлы көрініс тапқан.

«Туған жер» ұғымы түркі, сондай-ақ моңғол халықтарында, біріншіден, адамның кіндік қаны тамған қоныспен, екіншіден, ата-бабасының сүйегі қойылған, бейіті соғылған жермен, үшіншіден, ру-тайпа үшін киелі мәні бар («*әулиелі*») орындармен байланыстырылады. Осы түсінікке табан тірегенде ғана адам ұшпаққа шығып, бақша-мұратына жетеді деп есептелген.

Қазақтың батырлық жырларының сюжетінде жауды жеңген қаһарман түптің түбінде міндетті түрде туған топырағына қайтып оралады. Мақал-мәтелдерде де осы бағыттағы ой желісі орнығыпты: «*Ит – тойған жеріне, ер – туған жеріне*», «*Жат елдің жақсысы болғанша, өз еліңнің сақшысы бол*», «*Туған жердің күні де ыстық, күлі де ыстық*», т.б. Халықтың санасына ертеден бері этикалық норма ретінде сіңген бұл қағидатты тұтынған қаламгерлер түрлі ситуацияны алып, өз шығармаларында соған сәйкес көркемдік шешім іздестіреді.

Абай Құнанбаевтың «Масғұт» поэмасындағы:

*Ендігіге не сұрау бұл жалғанда?
Ақыл-ой, ар-намыс жоқ еш адамда.
Өлген мола, туған жер жібермейді,
Әйтпесе, тұрмас едім осы маңда* [1, 331 б.], - деген жыр шумағы орыс

классигі А.С.Пушкиннің «*Два чувства дивно близки нам – В них обретает сердце пищу: Любовь к родному пепелищу, Любовь к отеческим гробам*» [2, 214 стр.] дейтін жолдарымен үндесе отырып (*туған жер – родное пепелище, өлген мола – отеческие гробы*), осы заңдылықтың арғы түп-төркінін меңзейді.

Ұлт менталдығының бастапқы сатысында *архетиптер*, әйтпесе *идеал-концепт* (Н.А.Бутенко), немесе *символ* (А.Ф.Лосев) тұрады. **Архетип** - адам жанының түкпірінде бедерленген ілкі бейнені, түпкі пішінді, әуелгі бітімді білдіреді. Осындай алғашқы бастау-белгілерді ойшылдар түрлі терминдермен ишаралаған. Мысалы: Л. Леви-Брюльде – «*representations collectives*», яғни ұжымдық түсініктер; М. Мосста – «*ой-қиял ұғымдары*»; А. Бастианда – «*қарапайым ойлар*»; Г. Гегельде – «*әлемдік рух*»; В. Гумбольдтта – «*ұлттың жаны*». Ұжымдық бейсаналық архетиптерді зерттеуде швейцариялық ғалым К.Г.Юнг айрықша еңбек сіңірді. Оның пікірінше, архетиптер адамзаттың тарихи дамуы барысында туған психикалық құрылымдарға жатады. Адам баласы айнала қоршаған болмыс құбылыстарына өз тиесілі мәдени орта тұрғысынан көз салады. Әрбір этнос өкілі үшін оның жан дүниесін белгілі бір әсерге бөлейтін, сезімге орайтын идеялар мен бейнелер болады. Ми қатпарында сәулеленген архетиптердің жаңғыруы сананы руханилықтың байырғы кезеңдеріне қарай жетелейді; өткеннің ғана өлшемі болып қалмай, болашаққа бағдарланған ойларға азық береді. Олар мифологиялық, фольклорлық мұраларда көрініс тауып, көркем шығармашылыққа, оның ішінде кәсіби сөз өнеріне түрткі салады; жаңа дүниетанымдық ізденістерге негіз қалайды. Әр этностың өмірінде өзіндік мәдени архетиптер бар; бұларда халықтың дүниетанымының, мінезінің, шығармашылығының, тарихи тағдырының ерекшеліктері таңбаланған. Солардың бірі – жалпы адамзатқа ортақ, сонымен қатар әр қоғамдық ортада өз ерекшелігін байқататын «*Жер-Ана*» *архетипі*.

Көшпелі түркілер өркениетінде «Жер-Ана» бейнесінің дара бітімі бар екені белгілі. Ол өз төркінін көне бітіктастағы «*Ыдук Йер-Су*» («Қасиетті Жер-Су») ұғымынан алады.

Түрлі трансформацияға ұшыраған «Жер-Ана» архетипі бергі замандағы қазақ ақындарының суреткерлік психологиясында тұрақты нышан танытты. Қасиетті қара жерді ана ретінде қабылдаудың ескі сорабы жоғалып кеткен жоқ. І Жансүгіровтың «Дала» поэмасында бұл түсінік:

*Көктен төгіп нұрын Күн,
Көк бұрқырап, жайқалып,
Деп Жер-Ана: «тірілдім!»,*

Иді емшегі балбырап [3, 126 б.], -деген жанды кейіпте көрінді. Ал Сәкен Сейфуллин оған:

*Жер – ұлы ана, буы – демі,
Жадырайды көсіле,
Еңбекші жан уыз еміп,
Өрмелейді төсіне* [4, 158 б.], - деп жан бітірді.

Одан кейінгі кезең қазақ ақындарының ішінде туған өлке мен ана тақырыптарын жиі жырлаған Жұбан Молдағалиевтің шығармашылығында осы екі бейне бара-бара өзара кірігіп кетті. Оның туындыларындағы «Жер-Ана» бейнесінің ара-тұра бір емес, үнемі ұшырасып отыратыны – қаламгердің дүниетаным тұтастығының және саналы суреткерлік ұстанымының белгісі. Мысалы, ақын «Жер мен әйел» атты философиялық пайымға толы өлеңінде [5, 75 б.]: «*Жер демекші, о да ару, ол да ана, // Әйелге тең теңеу болса, сол гана*», -деп, сонау Адам Ата, Хауа Анадан бері қарайғы тіршіліктің құрсағы – Жердің сұлулық

сипатын, жаратушылық күшін, жарылқағыш мінезін, тылсымдық құдіретін әйел затымен салыстыра суреттейді. Өлеңнің: «*Мен әйелге тәңірімдей табынам...*» деген алғашқы тармағындағы тұжырымның астарын осындай қарым-қатынас арқылы ашады, яғни: әйел де – тәңірі, жер де тәңірі. «*Жер деп Көкше жерін айт*» атты өлеңінде Жұбан семантикалық егіздеудің сырын перзенттік сезіммен жайып салады:

*Мен үшін қазақ жерінің
Жаманы және жаты жоқ.
Мен үшін қазақ жерінің
Анадан өзге аты жоқ!* [5, 201 б.].

Ал, оның «Таңырқаймын шыңдарына таулардың» атты шығармасындағы «*Дала! Дала! Дала! – емсіз ғашығым*» [5, 203 б.] деген жолдарды оқығанда, ақынның алдыңғы екі өлеңімен таныс оқырманның санасында «*Дала-Ару*», «*Дала-Ана*» ұғымдары өзара шарпысады.

Ендеше, патриот ақын Жерді бірде ғашық аруға, бірде ғазиз анаға теңестіру арқылы өзгеше көркемдік өрнек қана емес, елдің туған топыраққа деген сүйіспеншілік сезімін тәрбиелеудің тартымды тәсілін де тапқан.

1960 жылдар поэзиясының көрнекті өкілдері Қадыр Мырзалиев (Мырза Әлі), Мұқағали Мақатаев, Жүмекен Нәжімеденов поэзиясында жолығатын «Жер-Ана» бейнесі де өзінше суреттелген.

Қ.Мырзалиевтің «Маған болу керек еді...» деп басталатын өлеңіндегі ұлы Отанының «*көк орманы*», «*қыр гүлі*», «*тау суы*», «*бұла таңы*» болып жаратылмағанына өкінетін лирикалық қаһарман сөзінің соңында «*О бастан-ақ анам – Дала, әкем менің – Күн екен, // Осы мені ата-анамнан бөліп алған кім екен?!*» [6, 22 б.] деген риторикалық сауал тастайды.

М.Мақатаев табиғат лирикасына жататын өлеңінің атын «Ұқсастық» деп қойыпты. Образға орап айтпағы да сол: *босанған Ана* мен көктемде *бусанған Даланың* арасындағы *ұқсастық*. Ұл тапқан жас ана біресе тұла бойы тершіп, біресе шөлін шаймен қандырып жатса, ақын қиялында Дала да осының бәрін бастан кешіреді. Ананың адал жары қалжасын даярласа, даланың серігі диқан да қам-қарекет үстінде – «тәй-тәй саусағын жаяр» көк егінді күтулі. Автор өлеңін:

*Жерді – Анама,
Анамды Жерге теңедім,
Екеуінен де егіз ұқсастық көремін* [7, 198 б.], -деп дағдылы констатация

түрінде аяқтаған.

Ж.Нәжімеденовтің «Салмақ туралы» атты өлеңі [8, 11-13 б.] – кеңсенің ұсақ тірлігінен космостың ұлы тынысына дейінгі аралықты жалғап жатқан адамзат өмірінің мың-мың түрлі белгі-бедерін суреткерлік қиял құшағына қаусырып, бір ғана құдіретке – туған жерге табынуды дәріптейтін толғақты дүние. Содан болар, ақынның Жер-Анасы әмбелік – жалқы да, жалпы да мазмұнға ие:

*Салмақсыздық, меніңше, барлық заңға жат болар,
ұлдарының Жер-Ана алыс жолға аттанар
оралсын деп тезірек салмақтарын ап қалар...*

.....
*Сенде менің бөлінбес күллі ырысым, күллі есем,
Ей Жер-Ана, не ойласам – ораласың тілге сен.
Жапырағыңмен сыбырлап отырмасаң күнде сен,
Мен өнерде өзімнің салмағымды білмес ем!*

.....
*Саулығымды ал,
Санамды ал,
Туған жерден тек мені – салмағымнан айырма!*

Осылайша жыр әлеміндегі дәуірі ортақ үш акынның туған жер тақырыбын жырлау тәжірибесіне жүгіне отырып, «Жер-Ана» ұғымының әрқилы идеялық-көркемдік мақсатта жұмсалғанын аңғаруға болады.

Тарих басқа жаулаушы жұрттың қол астына қараған кез келген өміршен этнос өзінің тамыры тереңде жатқан таным-түсініктерінен оңайлықпен қол үзе қоймайтынын растайды. Елдің тынысы мен тұрмысының ең ділгер, ең дертті жайттары жөнінде қазақ ақындары туған жер тақырыбы арқылы тұспалдаған.

Қоғамдық-әлеуметтік жағдайларды және әдебиеттің ішкі даму заңдылықтарын ескере отырып, кеңес қазақ поэзиясындағы туған жер тақырыбының идеялық-көркемдік эволюциясын шартты түрде үш кезеңге бөлуге болады:

1-кезең – 1920-1930 жылдардың іші (І.Жансүгіров, С.Сейфуллин, Б.Майлин, т.б.);

2-кезең – 1940-1950 жылдардың шегі (Қ.Аманжолов, Қ.Бекхожин, Ә.Тәжібаев, Ә.Сәрсенбаев);

3-кезең – 1960-1980 жылдардың аумағы (Қ.Мырзалиев, Т.Айбергенов, М.Мақатаев, Ж.Нәжімеденов, С.Жиенбаев, Ж.Әбдірашев, т.б. өлеңдері).

Қазақтың өлең өнеріндегі аталмыш тақырыптың ажарын ашуда ұлттық жаратылыстың мәйегін жинақтаған «дала» мен «ауыл» ұғымдары алтын арқауға айналды.

Академик Р. Нұрғалиев: «*Алтай мен Атырау, Сібір мен Самарқан арасын ғасырлар бойы жайлаған қазақ халқы аспанмен тілдескен зеңгір таулардың сай-саласын, көк толқынды телегей-теңіз жағасын, шетсіз-шексіз құм қойнын тұрақ еткенмен, оның негізгі мекені, сүйген топырағы – Дала, Ұлы Дала болды*» [9, 83 б.], - деп жазса, әдебиеттанушы Т.Шапаев: «*Дала – халықтық болмыс, ұлттық рухтың символы болса, ауыл – оның тіршілікке, мазмұнға толы және бір жанды, төл көрінісі. Дала – ауыл... Шынына келсек, поэзиямыз үшін тақырып жөнінен бөліп-жарып, жіктеп-жіліктеуге келе бермейтін тұтас ұғым: туған жер. Халық әуезіне құлағы түрік, көңілі сергек, кіндігі осынау алтын қазыққа байлаулы кім-кімнің де жүрек тереңінде сақтаған қазыналы алтын сандығы*» [10, 82 б.], – деп, бұл ойды толықтыра түседі.

Илияс Жансүгіров шығармашылығының арқасында «Дала» сөзі шын мәнінде ұлттық символға айналып, әр алуан ассоциацияларға жетелейтін дәрежеге жетті.

Ұлт тіршілігінің ұйтқысы – ауыл көбіне-көп көркемдік фон есебінде алынды. Қоғам құбылыстарын, халықтық мінезді нақты бір далалық кейіпкердің бейнесі мен қимыл-қарекеті арқылы бедерлеу дәстүрі қалыптасып, ол Бейімбет Майлиннің Мырқымбайынан бастап Есенғали Раушановтың Мұратбергеніне дейінгі аралықта желісін үзбей жалғасты.

Өкінішке қарай, Қ.Аманжолов, Ә.Тәжібаев, Қ.Шаңғытбаев, Ғ.Орманов, Қ.Бекхожин, т.б. талантты ақындардың туындыларында белгі берген жемісті тенденцияны 1940-1950 жылдардағы «ұлтшылдыққа» қарсы күрестің кезекті науқаны бірсыпыра уақытқа тежеп тастағаны мәлім.

Қазақ ақындарының ішінде туған жер тақырыбына қалам тартпағаны жоқ; бірақ оны өз шығармашылығында саналы түрде бүтіндей бір идеялық-поэтикалық концепцияға айналдырғандары көп емес.

Сондай көрнекті ақындардың бірі – Қадыр Мырзалиев. Оның үш томдық шығармалар жинағына алғы сөз орнына жазған «Қадырдың қадірі» атты мақаласында академик З.Қабдолов: «*...Әрбір шын мәніндегі суреткер секілді Қадырдың да кешегі жыры – Адам туралы болатын, бүгінгі жыры да – Адам туралы, ертеңгі жыры да – Адам туралы болмақ. Ал адам, оның тағдыры мен тіршілігі әдеби шығармада әрқашан белгілі бір уақыт пен кеңістікте көрсетілуі шарт. Демек, Қадырдың адамы да мезгіл-мекенсіз әлдебір абстракциялық нәрсе емес. Сондықтан Мырзалиев поэзиясында үзілмейтін өзекті желі боп тартылып, жан-жақты ашыла суреттеліп, жинақтала тұлғаланып келе жатқан бір күрделі образ бар. Ол — қазақ даласының образы*» [11, 8 б.], - депті.

Оның ең алғашқы – «Ой орманы» жинағында (1965) «*Уа, далам! Кеңдігіңе тамсандым көп, // Айта алман бәрін жазып тауыса алдым деп. // Сен – алып пластинка дөңгеленген, // Инең боп тұрады ылғи ән салғым кеп!*» деген метафоралық-декларативті шумақпен аяқталатын «Дала» атты өлеңі мен табиғат тамашаларын суреттейтін лирикалық миниатюрлары («Шалғын», «Шілде», «Көл», т.б.) басылған. Бұлардан ақынның көп сөйлегеннен дөп сөйлегенді қалайтын стилі (лаконизм), суреткерлік көзі мен көңілінің байқампаздығы, қиырдағыны қиыстыратын тапқырлығы секілді қасиеттері сезіледі.

Әр әдеби туындыға баға бергенде оның жарыққа шыққан дәуірінің ерекшеліктерін ескерген жөн десек, ұлттық таным мен талғамның айшықтарына сусаған 1960 жылдардағы қазақ оқырманының шын мәніндегі рухани-тарихи әліппесіне айналған келесі – «Дала дидары» (1966) кітабында Қадырдың тығыз тұтастықтағы ақындық және азаматтық өресінің қауырт өсіп-өрлеуі ажарланды.

Бұл жинақта автор ілгерідегі тоталитаризм тұсында әбден қасаң қағида болып қалыптасқан – бұрынғы дала мен бүгінгі даланы бітіспес қарама-қарсылықта алып суреттеу әдісінің қабырғасын қақыратты. Бағзы заманның айтылып-айтылып құлақ сарсытқан жанманшылықтарымен қатар, «жүп-жұқа оқулыққа» кірмей қалған қалың-қалың жақсылықтары да болғандығын жинақтың «Көне заман көріністері», «Тарихпен тілдесу», «Шоқ жұлдыз» атты бөлімдерінде көркемдікпен кестеледі. Ақын әуелде «Жар-жар», «Бесік жыры», «Бата» үлгісіндегі стилизацияларға жүгінсе, келесі ретте көкпар, қазақша күрес, қыз қуу секілді ұлттық ойындардың өз көкірегінде қорытылған бейнесін көз алдымызға келтіреді, басқа бір тұста халықтық мінез, жұрттық болмыс, елдік тағдыр турасындағы толғаныстарын түйіндейді, ақыр соңында тарихи ұлы тұлғаларымыздың әсерлі портреттерін жасайды. Кітапқа кірген өлеңдерде қазақтың өткен өмірін әсіресе әспеттеу (идеализациялау) көп деген сыни байыптамалардың да біраз айтылғандығы белгілі. Бір қарағанда, мұндай пікірлердің жаны бар сияқтанғанымен, ақынды ақтап алу да қиын емес: біріншіден, әлгідей көріктеу тәсілі – поэзия табиғатына о бастан тән нәрсе; екіншіден, бұл – отаршылдық құрсауындағы қазақтың отаншылдық сезімін ояту, тарихи санасын жаңғырту мақсатындағы ақынның өзіндік амалы. Қадырдың өлеңіндегі кішкентай деталь, шағын штрихтың өзіне ұлттық астар арқалатуы да сол себепті болатын. Ақынның «Дала дидарынан» кейінгі «Бұлбұл бағы» (1967), «Ақ отау» (1968), «Домбыра» (1971), «Жерұйық» (1976), т.б. кітаптарында Дала образы басқа да мән-мазмұнмен және мінездемелермен үздіксіз байытылып, ол келе-келе Ұлт образы деуге болатын бүтіндік пен биікке көтерілді.

Қазақ поэзиясында бұрыннан бар сағыныш мотивін уыздай уылжыған күйінде ерекше ынтықтық пен ынтызарлыққа орап, алабөтен іңкәрлікке бөлеп ұсынған талантты ақын Төлеген Айбергенов туған жер туралы толғаныстарында да басқаша бояу танытты. Оның ішінде әсіресе «Аруана бауыр дүние» атты өлеңі [12, 80-81 б.] – ақын кеудесінде атойлаған нар идірет алапат күй мен саумал таза сезімнің, тайпалған желмая сарын мен керуенбасы ойдың кіршіксіз, керемет үйлесімі.

Тұңғыш болып Төлеген түп тамыры ноғайлы дәуіріне тарататын дәстүрдің талып жеткен дауысын жаңаша жаңғырықтырды. «Қарға бойлы Қазтуған» жырында жат жердің суынан жеріген бозмая бауырында боздаған ботасына қарамастан, төл топырағы – Жем бойына қарай желе жөнелетін. Ал Айбергеновте осы тәрізді ситуация эпостағыдан да өткір коллизия арқылы көрсетіледі:

*Аруана жаудың қолына түссе, ботасын шайнап өлтіріп,
Қаралы мойнын қайтадан артқа бұрмастай халге келтіріп,
Жеріне тартып отырады екен моншақтап жасы боздаумен
Омырауын шерге толтырып.
Апталап, айлап таңдайын мейлі тасбауыр шөлдер құрғатсын,
Қазығын таппай тоқтамайды екен мәңгілік тіпті күн батсын...*

